

Азаматтарға шетелде жұмысқа орналасу жөнінде делдалдық көмек көрсетудің кейбір мәселелері туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 маусымдағы N 862 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.01.19 № 124 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.01.19 № 124 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң, бірақ 2012.01.30 ерте емес қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.06.11. N 480 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Көші-қон туралы" және "Халықтың жұмыспен қамтылуы туралы" Заңдарын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.22. N 612 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2007.06.11. N 480 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

1. Қоса беріліп отырған:

Азаматтарға шетелде жұмысқа орналасу жөнінде делдалдық көмек көрсетудің тәртібі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.06.19. N 836 , 2006.04.24. N 316 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2007.06.11. N 480 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі:

қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдегі еңбек қызметінің мәселелері жөнінде халықаралық шарттар жасасу туралы ұсыныс енгізісін;

жыл сайын жұмыс берушілер Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде жалдайтын шетелдік азаматтарды тұтастай алғанда және мамандықтар тобы бойынша республиканың аумағында жұмыс істеу үшін тартуға арналған квотаны Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

жыл сайын жұмыс қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне шетелдік жұмыс күшін тарту және жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығару туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі шетелдік азаматтарға жергілікті атқарушы орган берген шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаты болған жағдайда келу визаларын беруді жүргізсін.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.22. N 612 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

4. "Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға, сондай-ақ жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығаруға байланысты қызметті лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 маусымдағы N 924 қаулысының Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 24, 215-құжат) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы 1999 жылдың 1 шілдесінен бастап қолдануға енгізіледі және жариялауға жатады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 9 ж ы л ғ ы 2 5 м а у с ы м д а ғ ы

N 8 6 2 қ а у л ы с ы м е н

б е к і т і л г е н

**Шетелдік жұмыс күшін тартуға және жұмыс күшін
Қазақстан Республикасынан шетелге шығаруға
байланысты қызметке лицензиялар берудің
Тәртібі**

**1. Шетелдік жұмыс күшін тартуға және жұмыс күшін
Қазақстан Республикасынан шетелге шығаруға
байланысты қызметке лицензиялар берудің тәртібі**

1. Заңды және жеке тұлғалардың шетелдік жұмыс күшін тартуға және жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығаруға байланысты қызметті жүзеге асыру үшін осындай қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясы болуы тиіс.

2. Шетелдік жұмыс күшін тартуға және жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығаруға байланысты қызметке лицензия беруді Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитеті (Алматы қаласы бойынша - Алматы қаласының атқарушы

орғаны)

жүргізеді.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.22. N 612 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

3. Шетелдік жұмыс күшін тартуға және жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығаруға байланысты қызметке арналған лицензия:

1) қызмет ауқымы бойынша - қолданылу мерзімі шектеусіз берілетін бас лицензия болып табылады;

2) аумақтық сала бойынша - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитеті берген шетелдік жұмыс күшін әкелуге арналған лицензия Қазақстан Республикасының шетелдік азаматтардың келуіне ашық барлық аумағында және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде (Алматы қаласынан басқа) қолданылады. Алматы қаласының атқарушы органы берген лицензияның күші Алматы қаласының аумағында және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде қолданылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.22. N 612 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

4. Лицензия алу үшін мынадай құжаттар:

1) белгіленген үлгідегі өтініш;

2) лицензиаттың қызметтің лицензияланатын түрімен айналысу құқығына арналған біліктілік талаптарына сай екендігін растайтын құжаттар;

2-1) мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің (заңды тұлғалар үшін) немесе жеке кәсіпкер ретінде есепке қойылғаны туралы куәліктің көшірмесі;

3) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін алым енгізгенін растайтын құжат ұсыну қажет.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.22. N 612 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

5. Шетелдік заңды және жеке тұлғалар, егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгедей көзделмесе, лицензияны Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғалары сияқты шарттармен алады.

6. Заңды тұлғалардың өтініші бойынша шешім бір ай мерзімнен, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін өтініш берілген күнінен бастап он күндік мерзімнен кешіктірілмей қабылданады.

7. Лицензия, егер:

1) қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыруға аталған субъекті үшін заң актілерімен тиым салынса;

2) лицензиялар туралы заңдарға сәйкес талап етілетін барлық құжаттар ұсынылмаса; Өтініш беруші көрсетілген кедергілерді жойған кезде өтініш жалпы негізде қаралады;

3) кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына алым

енгізілмесе;

4) өтініш беруші белгіленген біліктілік талаптарына сай жауап бермесе;

5) өтініш берушіге қатысты соттың оған қызметтің осы түрімен айналысуға тыйым салатын шешімі болса берілмейді.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.22. N 612 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

8. Лицензия беруден бас тарту туралы шешім лицензия беру үшін белгіленетін мерзімде өтініш иесіне жазбаша түрде жіберіледі.

8-1. Егер лицензия белгіленген мерзімде берілмесе немесе өтініш берушіге бас тарту негізсіз болып көрінсе, ол бір ай мерзімде бұл іс-әрекеттерге сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

Ескерту. 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.06.22. N 612 қаулысымен.

9. Лицензия иеліктен шығарылмайтын, яғни лицензиат басқа жеке немесе заңда тұлғаға бере алмайтын болып табылады.

9-1. Лицензия өзінің қолданылуын:

1) лицензиялар кері қайтарып алынған;

2) азаматтың кәсіпкерлік қызметі тоқтатылған, бір түрдегі заңды тұлғаның басқа түрдегі заңды тұлға болып қайта құрылуын (ұйымдық-құқықтық нысанының өзгеруін) қоспағанда, заңды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе таратылған;

3) лицензия лицензиарға ерікті түрде қайтарылған жағдайларда ғана тоқтатады.

Ескерту. 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.06.22. N 612 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

10. Лицензияны кері қайтарып алу:

1) лицензиат лицензиядағы талаптарды орындамаған;

2) сот лицензиатқа қызметтің оның жүзеге асыруға лицензиясы бар түрімен айналысуға тыйым салған;

3) ол бойынша лицензиар лицензияның қолданылуын уақытша тоқтатқан себептері жойылмаған;

4) лицензия алу кезінде лицензиат көрінеу жалған ақпарат берген.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.22. N 612 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

11. Лицензиар тоқтата тұрудың себептерін көрсете отырып, лицензияның қолданылуын алты ай мерзімге дейін тоқтата тұруға құқылы.

11-1. Сот шағын кәсіпкерлік субъектісі лицензиясының қолданылуын тоқтата тұруды лицензиардың, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың өтініші бойынша жүргізеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ерекше жағдайларда көрсетілген мерзімде сотқа қуыным өтінішін міндетті түрде ұсына отырып, 3 күннен аспайтын мерзімге шағын кәсіпкерлік субъектісі лицензиясының қолданылуын сот шешімінсіз тоқтата тұруға жол беріледі. Бұл ретте тоқтата тұру туралы акт сот шешімі шығарылғанға дейін қолданылады.

Ескерту. 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.06.22. N 612 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

12. Лицензияның қолданылуы анықталған жолсыздықтар жойылғаннан кейін лицензиардың шешімі бойынша жаңартылады, ол туралы лицензиарға жазбаша түрде хабарланады.

13. Лицензия кері қайтарылып алынған немесе оның қолданылуы тоқтатыла тұрған жағдайларда кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына арналған алым қайтарылуға жатпайды.

14. Лицензиаттың лицензияның тоқтатыла тұруына және кері қайтарылуына байланысты барлық мәселелер бойынша лицензиардан жазбаша түрде растау алуға құқығы бар.

15. Лицензиар лицензияның берілуі, кері қайтарылып алынуы, қолданылуының тоқтатыла тұруы және жаңартылуы туралы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Сыртқы істер министрлігіне, Қорғаныс министрлігіне және Ұлттық қауіпсіздік комитетіне ақпарат береді.

16. Лицензияны жоғалтып алған (жоғалған) жағдайда, көшірме лицензиар белгілеген шарттарға сәйкес беріледі.

2. Лицензиялық ережелердің сақталуына жауапкершілік және оны бақылау

17. Лицензиялық нормалар мен ережелердің сақталуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитеті мен оның аумақтық органдарына (Алматы қаласы бойынша Алматы қаласының атқарушы органына) жүктеледі.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.22. N 612 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

18. Лицензия алмастан шетелдік жұмыс күшін тартуға және жұмыс күшін шетелге шығаруға байланысты қызметке тыйым салынады.

19. Лицензиялық нормалар мен осы Тәртіпті бұзу - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соқтырады.

3. Қызметтің лицензияланатын түріне қойылатын біліктілік талаптары

20. Шетелдік жұмыс күшін тартуға және жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығаруға байланысты қызметке лицензия алуға үміткер заңды немесе жеке тұлғаға (бұдан әрі - өтініш беруші) қойылатын

біліктілік

талаптары:

- 1) жоғары немесе орта арнаулы заңгерлік білімі бар қызметкерлердің;
- 2) офис үшін меншікті немесе жалға алған жұмыс орнының;
- 3) еңбек биржаларымен, Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі ақпараттық-талдау орталығымен өзара іс-әрекетті қамтамасыз ететін компьютерлер мен телекоммуникациялық жабдықтардың;
- 4) шетелдік жұмыспен қамту агенттіктерімен ынтымақтастығы туралы шарт көшірмесінің немесе шетелдік жұмыс берушінің өтініш берушімен ынтымақтасу ниеті туралы растамасының (жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығаруға байланысты қызметке арналған) болуын қамтиды.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.06.22. N 612 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

2 1 . < * >

Ескерту. 21-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.06.22. N 612 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 9 ж ы л ғ ы 2 5 м а у с ы м д а ғ ы

N 8 6 2 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың
Қазақстан Республикасының аумағында және Қазақстан
Республикасы азаматтарының шетелде еңбек және
кәсіптік қызметін жүзеге асыруының тәртібі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіпте пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

- 1) кепілдікті және кепіл жарналар - шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттың қолданылу кезеңінде жұмыс берушінің қызметкердің алдындағы міндеттемелерін қамтамасыз етуінің тәсілдері;
- 2) шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі шетелдік жұмыс күшін жолдауды жүзеге асыратын жұмыс берушіге беретін белгіленген үлгідегі құжат;
- 3) жұмыс беруші - қызметкер еңбек қатынасында тұратын, басшысы (әкімшілігі) білдіретін ұйым (заңды тұлға) не жеке тұлға;
- 4) жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган аймақтық (облыстық

, аудандық, қалалардағы аудандық, аудандық) деңгейде жұмыспен қамту саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган);

5) орталық атқарушы орган - Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

2. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағында еңбек және кәсіптік қызметін жүзеге асыруының тәртібі

2. Шетелдіктер (Қазақстан Республикасының аумағындағы заңды тұлғаның құрылтайшыларын қоса алғанда) мен азаматтығы жоқ адамдар (бұдан әрі - шетелдік азаматтар) жұмыс берушімен жасалған келісімшарттың (еңбек шартының, келісімнің) негізінде Қазақстан Республикасының аумағында еңбек және кәсіптік қызметті жүзеге асыра алады.<*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.05.15. N 709 қаулысымен.

3. Шетелдік азаматтар, егер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес осы лауазымға тағайындалуы немесе қызметтің осы түрімен айналысуы Қазақстан Республикасының азаматтығына тиесілігіне байланысты болса, жекелеген лауазымдарға тағайындала немесе еңбек қызметінің жекелеген түрімен айналыса алмайды.

4. Шетелдік азаматтардың еңбек қатынастарында Қазақстан Республикасының азаматтары сияқты құқығы болады және сондай жауаптылықта болады.

5. Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істеуінің тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмыс беруші мен шетелдік азамат арасында жасалған келісім шарттың (еңбек шартының, келісімнің) талаптарымен айқындалады.

6. Келісімшарт (еңбек шарты, келісім) міндетті түрде жұмыс беруші мен қызметкер туралы деректерді, келісім-шарттың нысанасы туралы шартты, еңбекақы төлеудің, жұмыс және демалыс уақытының, өмірі мен денсаулығын сақтандырудың, жұмыстағы жазатайым оқиғалардан сақтандырудың шарттарын, тараптардың міндеттемелерді орындауы мен жауаптылығын, еңбек дауларын шешудің тәсілдері туралы, қызметкерді тұрақты тұратын жеріне жұмыс берушінің есебінен қайтару туралы, келісім-шартты қолданудың және оны бұзудың мерзімдері туралы негізгі шарттарды қамтуға тиіс. Келісім-шарттың өзге шарттарын тараптар айқындайды.

7. Жұмыс берушілер орталық атқарушы органнан белгіленген квоталар шегінде берілетін шетелдік азаматтарды тартуға рұқсат алуға (1-қосымша) м і н д е т т і .

Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсат Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында олар берілген лауазымдар шеңберінде қолданылады.<*>

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.05.15. N 709 қаулысымен.

8. Орталық атқарушы орган шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру туралы шешім қабылдаған кезде мемлекеттің ішкі еңбек рыногын қорғау жөніндегі мүдделерін басшылыққа алады.

9 . Е г е р :

1) бұл адамдар ресми дипломатиялық, консулдық өкілдіктер мен халықаралық ұйымдардың құрамына кіретін болса немесе Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық келісімдердің шеңберінде сарапшы болып табылатын болса, < * >

2) бұл адамдар арнаулы орта және жоғары оқу орындарында оқитын болса;

3) бұл адамдар Қазақстан Республикасында ресми тіркелген бірлестіктерінің діни қайраткерлері болатын болса;

4) бұл адамдар шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері болып табылатын болса және Қазақстан Республикасында тіркелген болса;

5) бұл адамдар Қазақстан Республикасында тұруына ыhtияр хаты болса шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсат талап етілмейді.

6) бұл адамдар шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінің басшылары (бірінші басшылары) болып табылады.<*>

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.05.15. N 709 , 2000.11.14. N 1709 қаулыларымен.

10. Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат келісімшарттың (еңбек шартының, келісімнің) қолданылу мерзіміне беріледі.

11. Жұмыс берушілер өздері орналасқан жері бойынша уәкілетті органға шетелдік жұмыс күшін тарту үшін қажетті құжаттармен қоса (2-қосымша) орталық атқарушы органның атынан өтініш беруі тиіс.

1 2 . Ө т і н і ш к е :

1) тегін, атын, әкесінің атын, туған күні мен жылын, шыққан елін, мамандығы мен білімін, Қазақстан Республикасында қолданылатын қызметтердің, мамандықтардың және жұмыстардың бірыңғай тарифтік анықтамалығына (3-қосымша) сәйкес шақырылатын қызметтері көрсетіле отырып, жұмыс берушілердің қолы мен мөрі бар бес данада әкелінетін, жұмыс күшінің тізімі;

2) жұмыс берушінің жалданушы қызметкерлермен келісімшартының (еңбек шартының, келісімнің) көшірмесі;

3) халықаралық үлгідегі медициналық анықтама - ВИЧ-ке тексеру анықтамасы қоса беріледі.

13. Шетелдік жұмыс күші, тартылған жері бойынша уәкілетті органдар ұсынылған құжаттар негізінде, екі аптадан аспайтын мерзім ішінде шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты берудің мүмкіндігі туралы негізделген қорытынды шығарады және оны ұсынылған құжаттармен бірге орталық атқарушы органға жолдайды.

14. Орталық атқарушы орган жұмыс берушілердің шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру туралы өтінішін екі аптадан аспайтын мерзімде, ал шағын субъектілер үшін он күннің ішінде қарайды. Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттың мерзімі лицензиар шешім қабылдаған күннен бастап есептеледі.

15. Жұмыс берушіге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беруден:

- 1) талап етілетін құжаттарды ұсынбаған;
- 2) құжаттар ресімделуінің осы Тәртіптің шарттарына сәйкес келмеуі жағдайында бас тартылды.

16. Орталық атқарушы орган шетелдік жұмыс күшін тартуға берілген рұқсаттар туралы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Сыртқы істер министрлігіне, Шекара әскерлерінің қолбасшысына хабарлайды.

17. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда немесе келісімдерде жұмыс күшін ауыстырудың өзгеше ережелері белгіленген жағдайда халықаралық шарттың (келісімнің) ережелері қолданылады.

18. Жұмыс беруші кепілдікті және кепіл жарналарын енгізу жолымен келісімшарттың мерзімі аяқталған соң, шетелдік жұмыс күшін әкетуге кепілдік береді.

19. Осы Тәртіпті бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соқтырады.

3. Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелде еңбек және кәсіптік қызметті жүзеге асыруының тәртібі

20. Қазақстан Республикасының әскери қызметте жүрген азаматтарынан басқа азаматтарының шетелдегі еңбек қызметіне құқығы бар.

21. Қазақстан Республикасының азаматтары шетелде еңбек қызметін өз бастамашылығымен немесе заңды немесе жеке тұлғалардың тарапынан еңбекке орналастыру бойынша делдалдық көмектің нәтижесінде жүзеге асырады.

22. Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелде еңбек және кәсіби қызметті жүзеге асыруының шарттары, еңбекке орналастыру мемлекеттің

жұмыспен қамту заңдарына сәйкес, жұмыс берушілермен келісімшарттарда айқындалады.

23. Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек қызметін жүзеге асыру мақсатында шетелге баруын шектеуге мынадай жағдайларда:

1) егер олар мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерге ие болса - осы жағдаяттардың қолданылуы аяқталғанға дейін;

2) егер оларды қылмыстық жауапқа тартуға негіз болса - іс бойынша іс жүргізу аяқталғанға дейін;

3) егер олар қылмыс жасағаны үшін сотталған болса - жазасын өтегенге немесе жазадан босатылғанға дейін;

4) егер олар сот жүктеген міндеттемелерді орындаудан жалтарса - міндеттемелерді орындағанға дейін;

5) егер оларға сотта азаматтық талап-арыз ұсынылса - іс бойынша іс жүргізу аяқталғанға дейін;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де негіздер бойынша жол беріледі.

24. Жұмыс беруші, келісім-шарт (еңбек шарты, келісімі) бұзылған немесе тоқтатылған жағдайда, Қазақстан Республикасы азаматының өзінің тұрақты тұратын жеріне қайтып оралуына кепіл енгізуге міндетті.

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағында және Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелде еңбек және кәсіби қызметтерді жүзеге асыруының тәртіптеріне
1-қосымша

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан
Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған
Рұқсат
(тізімдері қоса берілмесе жарамсыз)

N _____
Жұмыс беруші _____

1999 ж. _____ " _____ "

(заңды тұлға үшін: атауы, мекен-жайы,

тіркелу нөмірі, тіркелген күні: _____

жеке тұлға үшін тегі, аты, әкесінің аты, төлқұжаттық деректері, тұратын мекен-жайы) _____

Рұқсат қолданылатын аумақ

Әкелінетін жұмысшылар мен мамандардың саны

Мамандықтары бойынша жұмыс орындары

Ш ы қ қ а н е л і

Рұқсат беру үшін негіздеме

(аумақтық органның ұсынысы)

Рұқсаттың қолданылу мерзімі _____ бастап _____
дейін (күні, айы, жылы) (күні, айы, жылы)

Е р е к ш е
ж а ғ д а й л а р

Мөрі: Қолы:
Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың
Қазақстан Республикасының аумағында және
Қазақстан Республикасы азаматтарының
шетелде еңбек және кәсіби қызметтерді
жүзеге асыруының тәртіптеріне
2-қосымша

(рұқсат беретін органның толық атауы)

(жеке немесе заңды тұлғаның толық атауы)

Өтініш

Қазақстан Республикасы _____ облысының
аумағына _____ мерзімге шетелдік жұмыс күшін тартуға
рұқсат беруді сұраймын

Жұмыс беруші туралы мәліметтер

1. Меншік нысаны _____
2. Құрылған жылы _____
3. Тіркеу туралы куәлік _____

_____ (заңды тұлға үшін: N, кім және қашан берген)

_____ (жеке тұлға үшін: т.а.э., төлқұжаттық деректері, тұратын мекен-жайы)

4. Мекен-жайы _____
5. Қоса берілетін құжаттар _____

"Қолданылып жүрген Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру
туралы ережемен және Тиісті төлемдер туралы нұсқаулықпен
т а н ы с т ы қ "

Басшы _____

" ____ " _____ 1999 ж.

Өтініш қарауға 1999 ж. " ____ " _____ қабылданды

_____ (жауапты адамның қолы)

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың
Қазақстан Республикасының аумағында және
Қазақстан Республикасы азаматтарының
шетелде еңбек және кәсіби қызметтерді
жүзеге асыруының тәртіптеріне
3-қосымша

NN Аты-жөні Туған Баратын Мамандығы Білімі Ұйымдағы БТБА сәйкес
р/р күні елі лауазымы лауазымы

1 .

2 .

3

2

3.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1999 жылғы 25 маусымдағы

№ 862 қаулысымен

бекітілген

Кепілдікті және кепіл жарналарды енгізудің тәртібі, шарттары және мөлшерлері

Ескерту. Қосымша алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.04.24. № 316 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1999 ж. 26 маусымдағы

№ 862 қаулысымен

бекітілген

Азаматтарға шетелде жұмысқа орналастыру жөнінде делдалдық көмек көрсетудің тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіпте пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) шетелдік жұмыс беруші - қызметкер еңбек қатынасында тұратын шетелдік заңды немесе жеке тұлға;

2) еңбек делдалдығы - жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның, сондай-ақ еңбек делдалдығымен айналысатын меншіктің кез келген нысанындағы жеке заңды тұлғалардың тарапынан еңбекке орналастыру кезінде халыққа жәрдем көрсету;

3) жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган - аймақтық (облыстық, қалалық, қалалардағы аудандық, аудандық) деңгейде жұмыспен қамту саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік

орган (бұдан әрі - уәкілетті органы);

4) орталық атқарушы орган - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

2. Шетелге жұмысқа орналасуға делдалдық көмек көрсетудің тәртібі

2. Азаматтардың шетелде өз бетімен жұмыс іздеуге және еңбекке орналасуға құқығы бар.

3. Қазақстан Республикасынан шетелге жұмыс күшін шығаруға байланысты қызметке лицензиясы бар жеке және заңды тұлғалар азаматтарға шетелге еңбекке орналастыруда делдалдық көмек көрсете алады.

4. Жеке және заңды тұлғалардың азаматтарға шетелге еңбекке орналастыру жөніндегі делдалдық көмегі:

1) шетелге жұмысқа тұру мүмкіндігі мен жұмыс жағдайлары туралы азаматтарды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы және жеке, толық және анық ақпараттандырудан;

2) шетелдік жұмыс күшін жалдағысы келетін шетелдегі жұмыс берушілер туралы мәліметтер жинаудан;

3) шетелге еңбекке орналасқысы келетін азаматтар туралы мәліметтер жинаудан;

4) шетелдік жұмыс беруші мен азаматтың арасындағы келісім-шартты ресімдеуден;

5) азаматтарды шетелге шығаруға арналған рұқсат құжаттарын ресімдеуден;

6) шет елдердегі заңдар мен өзін өзі ұстау жөнінде консультациялар беруден тұрады.

6. Жеке және заңды тұлғалар шетелдік жұмыс берушімен жұмысшы таңдауда делдалдық қызмет көрсету туралы шарт жасасады.

Шарт жұмысқа орналастыратын елдің банктеріне кепілдік берілген және кепіл жарна енгізілгені туралы құжаттармен расталатын, қызметкерлердің Қазақстан Республикасына қайтып келу кепілдігі туралы шетелдік жұмыс берушінің міндеттемесін қамтуға тиіс.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.24. N 316 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Шетелге еңбекке орналасқысы келетін азаматтар заңды немесе жеке тұлғалармен жұмыс таңдауда делдалдық қызмет көрсету туралы шарт жасасады.

8. Азаматтарға шетелде еңбекке орналасуда делдалдық көмек көрсететін жеке және заңды тұлғалар орналасқан жері бойынша уәкілетті органға ай ай сайын жұмыс күшін шетелге шығару туралы ақпарат жолдауы тиіс.

9. Шетелде еңбекке орналасу жөнінде делдалдық көмек көрсететін жеке және заңды тұлғалар азаматтардың Қазақстан Республикасындағы тұрақты тұратын жеріне қайтып келуіне кепілдік беруі тиіс.

10. Шетелге шығарылатын азаматтардың жасы 18-ден жас болмауы керек.

11. Уәкілетті орган тоқсан сайын орталық, атқарушы органға шығарылатын жұмыс күші туралы есеп ұсынуға міндетті.

12. Осы Тәртіпті бұзу - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соқтырады.